



## 2020-2021 жылғы "Жас Ұлан" ұйымының жылдық жұмысының есебі.

2020-2021 оқу жылындағы Новый орта мектеп -лицейінің жұмысы 2020 жылдың 10 қыркүйегінде қала мектептерінің аға тәлімгерлеріне арналған "Тәлімгер-тәрбиенің шамшырағы" тақырыбында zoom платформасы арқылы онлайн-семинар ұйымдастырылуынан басталды. Педагог- ұйымдастырушылар 2019-2020 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарына қорытынды жасап, қызметтеріне баға берілді.

Республикалық "Жас Ұлан" ұйымының жоспарына сәйкес 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап республикалық "ReSTART" жобасының менторы болып, "Менторлық қолдау" бағдарламасы бойынша Новый орта мектеп -лицейінің аға тәлімгері Әбдіқалықова Баян Аманқосқызы "Аға тәлімгер деген кім?Тәлімгердің функционалдық қызметімен таныстыру", "Аға тәлімгердің жұмыс жоспарын құру", "Лидер тәрбиелеу жолдары", "«Жас Ұлан» мектеп Кеңес құрамымен жұмыс жүргізу жолдары. Әрдайым жетістікке жету жолдары" тақырыбында Ақтөбе және Нұр-Сұлтан қаласының аға тәлімгерлеріне онлайн-семинар өткізді. Бұл аралықта аға тәлімгер 5 жылдық тәлімгерлік қызметтегі іс -тәжірибесімен 3 ай көлемінде семинар өткізді.



07.10.2020ж күні мектеп кеңесінің алғашқы отырысы Zoom форматында өткізілді. Отырыста оқушылар жаңа оқу жылында өткізілетін іс- шараларды талқылап, өз ойларын ортаға салды.



7 қыркүйек пен 9 қазан аралығында балалар мен жастар арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған "Интернет-сауаттылық" тақырыбында өткізілген онлайн курсқа аға тәлімгер мен мектеп кеңесінің белсенді мүшелері қатысып, сертификатқа ие болды.



Республикалық "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген таихи - мәдени мұра объектілерін сақтау бойынша "Birgemig : Asyl Mura" жалпыұлттық жобасы аясында өткізілген онлайн курсқа 5 оқушы қатысып, марапатталды.



Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген "Үздік математик" байқауына 2 турына жолдама алған мектебіміздің 4 класс оқушысы Мәңгібаев Медет 2 орынға ие болды.




Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген 1 желтоқсан- Тұңғыш Президент зерттеулер жобалар байқауында Новий орта мектеп- лицейінің 4 в класс оқушысы Серікбай Саяжан I орынға ие болды.

Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген "Таланттар жәрмеңкесі" байқауында 11 оқушы жүлделі орынға ие болды.






2020 жылдың 14 желтоқсан күні мектебімізде "Жас Ұлан" ұйымына 116 жас ұлан, 132 жас қыран зоом платформасы және оффлайн арқылы салтанатты қабылдау жиыны өткізілді. Қабылдау рәсіміне "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" РҚБ Ақтөбе облыстық төрайымы А. Таирова және қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыру- көпшілік бөлімінің әдіскері Л. Мәдемұханова қатысты.



Оқушылардың интеллектуалдық ойлау қабілетін арттыру мақсатында 7-9 класс оқушылары арасында "Жүзден жүйрік" атты интеллектуалдық байқау өтті. 2 турдан тұратын байқау қорытындысы бойынша 9 б класс оқушысы Қобыланды Нұрдос жеңіске жетті.





мен жорықтар, еңбек практикасы) жарты жыл бойы жұмыс жасап, берілген тапсырманы уақытында тиянақты орындап, "Жас Ұлан" ұйымының 5 оқушысы «ҚОЛА» медаліне ие болды.



"Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 10 жылдығына арналған "I like Zhas Ulan" қалалық фотосуреттер мен бейнероликтер байқауында мектеп кеңесі I орынға ие болды.



Республикалық "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Киелі табиғат" жобасы аясында өткізілген "Экопикник" байқауының жеңімпазы атанып, Sulprak дүкеніне сертификат ұтып алды.



2020 жылдың 4 мамыр күні Новый орта мектеп-лицейінің «Жас ұлан» ұйымы «Киелі табиғат» экологиялық жобасын қолдап, мектеп ауласына ағаш отырғызды.



"Ақтөбе -Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен "Дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың рухани мәдениетін қалыптастыру" мақсатында 2021 жылдың 20-28 сәуір аралығында қашықтықтан өткізілген республикалық "Қазақстан балалары шексіз әлемде" балалар киносы фестивалінің облыстық кезеңіне қатысып, 9 "ә" класс оқушысы Абдрахманова Гүлдаурен 2 дәрежелі, 10 "ә" класс оқушысы Тәуекелова Амина 3 дәрежелі дипломға ие болды.



2021 жылдың 14 мамыр күні "Анаға тағзым" ғимаратында отбасы күні мерекесіне орай "Жас Ұлан" ұйымының белсенді оқушыларының ата-аналары, әкелер институтының белсенді мүшелері қала әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



2021 жылдың 20-25 мамыр аралығында Өзбекстан мемлекетінде Өзбекстан Жастар Одағының ұйымдастыруымен Халықаралық балалар форумы өтті. Аталған форумға Ақтөбе облысының "Жас Ұлан" ұйымы мен "Қалалық оқушылар Сарайы" ұйымдастыру-көпшілік бөлімінің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының делегация құрамына Новый орта мектеп-лицейінің аға тәлімгері Әбдіқалықова Баян Аманқосқызы жіберілді. Форум «Камалак» балалар ұйымының 20 жылдық мерейтойына арналған. Делегация құрамында «Жас Ұлан» ұйымының төрайымы Садвақасова Динара, ұйым қызметкерлері мен жасұландықтар, өңірлік атқарушы хатшылар болды. Сондай-ақ Ресей, Қырғызстан, Украина, Беларусь мемлекеттерінің өкілдері қатысты. Форум аясында қатысушылар балалар ұйымдары тәжірибе алмасып, өзекті мәселелер талқыланды.



Аға тәлімгер: Б.Әбдіқалықова